

«Гүлдер» балабақшасындағы әдістемелік кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

08.09.2023ж

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру:
 1. перспективалық жоспар;
 2. циклограмма;
 3. мониторинг;
 4. өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарларын талқылау;
 5. электронды портфолио жинақтау.
2. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтің кәсіби өсуінің факторлары.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер Б.Джуматова жаңа 2023–2024 оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндады. Педагогтардың оқу-тәрбие үдерісіне қажетті құжаттарды цифрлық форматта уақытылы әзірлеуі, перспективалық жоспар, циклограмма және мониторингті талапқа сәйкес жүргізу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары бекітіліп, электронды портфолионы жүйелі жүргізу жөнінде түсіндірме берілді.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер Б.Джуматова педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, ашық оқу қызметтерін өткізу, тәжірибе алмасу және тәлімгерлік жұмыстарын ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2023–2024 оқу жылына арналған педагогикалық құжаттар белгіленген мерзімде цифрлық форматта рәсімделсін. Перспективалық жоспар, циклограмма және мониторинг құжаттарының талапқа сәйкестігі бақылауға алынсын. Әр педагогтің өзіндік білім көтеру тақырыбы бекітіліп, жылдық жоспары орындалсын. Педагогтердің электронды портфолиосы тұрақты түрде толықтырылып отырсын.
2. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі бекітіліп, тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі жүргізілсін. Қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.



Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова

Қатысқаны: 22

Тақырыбы: Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу

Мақсаты: Педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу.

Күн тәртібі

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы туралы.
2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобаларымен таныстыру.

Тындалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер Б.Джуматова өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы жөнінде есеп берді. Педагогтардың оқу-тәрбие процесінде цифрлық ресурстарды қолдану деңгейі, құжаттарды электрондық форматта жүргізу және цифрлық платформаларды пайдалану нәтижелері талданды. Атқарылған жұмыстардың оң нәтижелерімен қатар жетілдіруді қажет ететін бағыттар да атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші А. Чоканова

Педагогтер өздерінің шығармашылық тақырыптары аясында әзірлеген цифрлық жобаларын таныстырды. Жобаларда интерактивті ойындар, мультимедиялық презентациялар, бейнесабақтар, QR-код технологиясы, цифрлық білім беру платформалары және балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған электрондық ресурстар ұсынылды. Әріптестер тәжірибе алмасып, жобаларды оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдану бойынша ұсыныстар айтты.

Сөйлегендер: тәрбиеші Г.Саулебаева

Педагогтер цифрлық технологияларды тиімді пайдалану балалардың қызығушылығын арттырып, оқу қызметінің сапасын жақсартатынын атап өтті. Сонымен қатар педагогтердің цифрлық құзыреттілігін тұрақты жетілдірудің маңыздылығы айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін.
2. Педагогтердің шығармашылық жобаларын оқу-тәрбие процесіне кезең кезеңімен енгізу қамтамасыз етілсін. Цифрлық және интерактивті технологияларды ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жүйелі пайдалану жалғастырылсын. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу, шеберлік сағаттары және өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілсін.
3. Шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Б.Джуматовқа жүктелсін.



Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова

«Гүлдер» балабақшасындағы әдістемелік кеңестің
№3 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

18.04.2024ж

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы туралы.
2. Педагогтердің жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есептері (электрондық форматта).
3. Мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына талдау (диагностика).

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Әдіскер Б.Джуматова

Әдіскер Б.Джуматова өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді. Жыл бойы жоспарланған іс-шаралардың толық орындалғаны, цифрлық технологияларды оқу-тәрбие процесіне енгізу жұмыстарының нәтижелері сараланды.

2-мәселе бойынша: Әдіскер Б.Джуматова

Педагогтер жылдық жұмыстарын электрондық форматта ұсынды. Есептерде ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижелері, инновациялық әдістерді қолдану тәжірибесі, кәсіби даму, атааналармен жүргізілген жұмыстар, балалардың жетістіктері және электрондық портфолио бойынша ақпараттар қамтылды.

3-мәселе бойынша: Әдіскер Б.Джуматова

Әдіскер мамыр айында жүргізілген диагностика қорытындысын таныстырды. Балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейіне талдау жасалып, әр білім беру саласы бойынша қол жеткізілген нәтижелер қарастырылды. Мониторинг қорытындысы бойынша балалардың даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалғаны айтылды.

Педагогтер оқу жылы барысында қолданылған цифрлық технологиялардың тиімділігі туралы пікірлерімен бөлісті. Келесі оқу жылында балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, цифрлық білім беру ресурстарын кеңінен қолдану жөнінде ұсыныстар білдірілді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдері толық орындалды деп есептелсін.
2. Педагогтердің жылдық электрондық есептері қанағаттанарлық танылып, электрондық портфолиоларға енгізілсін.
3. Мамыр айындағы диагностика қорытындысы назарға алынып, келесі оқу жылына арналған түзету жұмыстарының жоспары әзірленсін. Цифрлық педагогика элементтерін оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану жалғастырылсын.



Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова